

## Жер теліміне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Новоишим ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 94 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Новоишим ауылдық округ әкімі ШЕШТІ:

1. Қосымшаға сәйкес "Буденное-СК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новоишим ауылдық округі, Новоишим ауылында орналасқан № 171 ұңғымадан сүт-тауар фермасына сумен жабдықтау желілерін салу және қызмет көрсету үшін жалпы алаңы 0,1181 га жер теліміне 49 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімі*

*А. Букпін*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы  
Новоишим ауылдық округі әкімінің  
2023 жылғы "14" шілдедегі  
№ "94" шешіміне қосымша

## Жердің экспликациясы

| № р/с                                      | Кадастрлық нөмір | Жер пайдаланушылардың атауы | Берілетін алаң, га | оның ішінде жерлер бойынша |                      |                |        |          |
|--|------------------|-----------------------------|--------------------|----------------------------|----------------------|----------------|--------|----------|
|  |                  |                             |                    | Егістік                    | Жақсартылған егістік | Табиғи егістік | Жолдар | Басқалар |
| 1  | 2                | 3                           | 4                  | 5                          | 6                    | 7              | 8      | 9        |
| Ғабит Мүсірепов атындағы аудан             |                  |                             |                    |                            |                      |                |        |          |
| Новоишим ауылдық округі                    |                  |                             |                    |                            |                      |                |        |          |
| 1  | 15-165-004       | Новоишим ауылы              | 0,1181             |                            |                      | 0,1181         |        |          |
| Новоишим ауылдық округі бойынша жер жиыны: |                  |                             | 0,1181             |                            |                      | 0,1181         |        |          |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК